

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 тамыздағы N 1030 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 желтоқсан N 1713

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. "Атырау облысының аймақтық инвестициялық бағдарламасы және жергілікті атқарушы органының қарыз алуы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 тамыздағы N 1030 P011030_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасы Атырау қаласының аумағына жерасты суы жайылуынан инженерлік қорғау - 903000000 (тоғыз жүз үш миллион) теңге";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Атырау облысы әкімінің заңнамада белгіленген тәртіппен, "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген борышы лимитінің шегінде аймақтық инвестициялық бағдарламаны іске асыруға 2751409576 (екі миллиард жеті жүз елу бір миллион төрт жүз тоғыз мың бес жүз жетпіс алты) теңге мөлшерінде әрі мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару арқылы заем туралы келісім жасасу жолымен 903000000 (тоғыз жүз үш миллион) теңге көлемінде заемдар тарту туралы ұсынысы қабылдансын";

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2, 2-3-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Атырау облысы жергілікті атқарушы органының заем туралы шартын ресімделетін құжаттар мен мәміленің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне құқықтық сараптама жүргізісін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиісті қорытындыны ұсынсын.

2-2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) тартылатын заемның қаржылық сараптамасын жүзеге асырсын;

2) мемлекеттік борышты басқару шегінде заемның тіркелуін, жергілікті атқарушы органның қарызды өтеуге қызмет көрсетуін әрі өтеуінің мониторингі мен бақылауды қ а м т а м а с ы з е т с і н " .

2-3. Атырау облысының әкімі:

1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігіне осы қаулының 2-1 және

2-2-тармақтарына сәйкес тартылатын заемға құқықтық және қаржылық сараптама жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынсын;

- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен заемның тартылуын қамтамасыз етсін;
 - 3) заем қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін;
 - 4) жергілікті бюджет қаражатынан заемға қызмет көрсетілуі мен өтелуін қамтамасыз етсін;
 - 5) заем қаражаттарын игеру оған қызмет көрсету мен өтеу жөніндегі мәліметтің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тұрақты ұсынылуын қамтамасыз етсін."
2. Осы қаулы оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.